



**Нұрланова Ұ.Н.,  
Матеева М.Ә.**

**БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ  
ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ  
РӨЛІ**

*В статье рассматривается вопрос  
эстетического развития при подготовке  
будущих дизайнеров.*

*The question of aesthetic development in  
preparing future designers is considered in  
this article.*

Жеке дара эстетикалық тәрбие беру мүмкіндіктерінің бірі – өнер - ол көркем мәдениеттің басты компоненті болып саналады. Жастарға эстетикалық тәрбие беру идеологиялық жұмыстың маңызды бір саласы. Ол жастарда жақсы қасиеттердің барлық түрін дұрыс ұғынуға, қабылдай білуге, бағалауға, өмірдің және еңбектің алуан түрлі саласына "Әсемдік" элементтерін енгізе білуге үйретеді, ұсқынсыздық пен нарықсыздыққа қарсы күресуге қабілетін шыңдайды.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз – бұл-әсемдік, сұлулық, пәктік қасиеттер музыка, сурет, кескіндеме, мүсін және қолөнері өнерлері арқылы оқушылардың көркемдік танымын, сезімін тәрбиелеу.

Өнердің барлық түрлері графика, кескіндеме, мүсін, сәндік – қолданбалы өнері, сурет өнері, барлығы эстетикалық тәрбие негізі. Көркем өнер туындыларын түсініп сезіну, оның образдық мазмұнын қабылдау, өнер тілін меңгеру мен эстетикалық талғамын дамытады.

Қазақ халқы ерте заманнан – ақ сұлулық пен әсемдікті тандай да, талдай да білген. Өз тұрмысы мен мәдениетінде шеберліктің небір сан – саласын, асқан ұқыптылықпен көкірегінде қастерлей сақтап, меңгеріп, біздің дәуірімізге ұштастырған.

Жастарға эстетикалық тәрбие беру проблемалары Шығыстың ұлы ғұламалары Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Х.Дулати және т.б. еңбектерінде қарастырылса, кейіннен гуманистік педагогиканың негізін салушылар Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин, И.Г.Песталоций және т.б. еңбектерінде қарастырылды. Ғалымдар С.А.Ұзақбаева, Ә.И.Шынибекова, Е.Қозыбаев және т.б. еңбектерінде жастарға халықтық педагогиканың озық дәстүрлері негізінде эстетикалық тәрбие беру проблемаларын зерттесе, Н.Д.Хмель, Г.Тригубова, В.Хан, Г.Чинибаева және т.б. еңбектерінде тұтас педагогикалық процесс негізінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру А.А.Бейсембаева, Б.Р.Айтмамбетова, Т.Сабыров, Р.Қоянбаев, Л.Н.Албытова және т.б. зерттеулерінде оқыту процесін тиімді ұйымдастыру арқылы жастарды жан-жақты дамыту негізінде эстетикалық тәрбие беру проблемасын жүзеге асыру мәселесі қарастырылады.

Бүгінгі нарық заманында жастарға эстетикалық тәрбие берудің мазмұны мен ауқымы кеңейіп, өз мүмкіндіктерімен толықтыруды керек етеді. Қазіргі заманның жастары "сегіз қырлы-бір сырлы" болуға бейім, әрі бұл өмір талабы болып та отыр.



Көрнекі философ Әбу Али-Ибн-Сина балаларды тәрбиелеу барысында ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік тәрбиесінің, сондай-ақ колонер кәсібіне үйретудің бірегейлігін қарастырды.

Моданы көшеге алғаш жастар киіп шығады себебі олар жаңалыққа құмар әрі батыл әрекет жасай алады, суретші модельердің дизайнердің іс-әрекеті мен заттық дүние, қоршаған орта олардың эстетикалық талғамы мен мәдениеттілігін байқатты. Сондықтан да, жастардың психологиясын біздің қоғамымыздың эстетикалық көрсеткіштеріне байланысты ұлттық дәстүрге сай жағымды қасиеттерге тәрбиелеуіміз қажет. Адам, өзінің жеке басында эстетикалық талғамды дамыту үшін ол айналадағы сұлулықты сезініп, түсініп оны қабылдай білуі қажет. Соның нәтижесінде ол әдемі, сұлу нәрсені көріп оның құндылығын бағалауға қабілеті арта түседі. Жеке бастың қасиеттері негізінде әрбір адамның талғамының дамуы негізінде жақсара түседі.

Киім адамның мінез құлқын, сыртқы қоршаған ортамен қарым-қатынасын, беделін, кейіпін, жан дүниесін айқындап көрсетеді. Жастардың қоршаған ортадағы заттарға эстетикалық талғамына әсер ететін факторлардың бірі - демонстрациялық залдағы киім үлгілері, газет-журналдар, көрмелердегі киім үлгілері мен суреттері, қоршаған ортадағы адамдар, ақпараттық құралдар. Киім үлгілерін тандауға жастардың шығармашылық қабілетін туындату үшін, оларды дайын модельді іздемей, өз бетінше шешім қабылдауға және жағымды әдістерді бойына қалыптастыруға көмектесу қажет. Сондықтан да, мода үлгілерін газет журнал беттерінен оқып, өз ой-өрісін кеңейтіп, әдемілікті түсініп, сезіне білуге үйрету аса қажет етеді. Г.Белинский эстетикалық талғам эстетикалық дамудың неғұрлым жоғары дәрежесін сипаттайды деп есептеген, әрі ол жөнінде былай дейді: Өнерді нағыз толық түсіну үшін мықтап зерттеп, даму қажет; адамның табиғаттан алатын эстетикалық сезімі зерттеу мен даму арқылы алынатын эстетикалық талғам дәрежесіне дейін көтерілуі тиіс. Жеке адамның эстетикалық бағалауларында, өзқарастарында, пікірлерінде әрдайым сол қоғамның, таптың немесе адамдар тобының адамгершілік, әлеуметтік саяси және басқа көзқарастарының өзінше бір таңбасы болып табылады.

Қоғам талаптарына сәйкес киімнің ыңғайлылығы әрі тиімділігімен қатар, бүгінде оның эстетикалық және мәдени қасиеттерін меңгеру маңызды мәселердің бірі болып отыр. Сондықтан да, композиция пәнінен студенттерге арналған болашақ маманның киім әзірлеу барысында шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға әсер етеді, әрі киім стилі мен сән ұғымы жөнінде мәліметтер беріп, жаңа үлгідегі моделдер мен киім жиынтығын әзірлеуде, шығармашылық іс-әрекеттің негізгі қағидалары, киім жобалау ерекшеліктері жөнінде білім береді.

Адам тұлғасының формасын шығаруда костюм белсенді роль атқарады. Костюм арқылы адамның сырт көрінісін анықтауға, өзгертуге, ерекшелуге болады: тұлғаның табиғи нәзіктілігі мен жеңілдігі, форманың монументальдығы, бет әлпеттің пішімі, өңінің қызыл шырайлылығын немесе ақ құбалығын, тіпті қара өңділігін костюмнің көмегімен адамның табиғи сырт келбетін өзгертуге болады: тұлғаның көлемі мен бойының биіктілігін көзбояушылық әсер арқылы ұлғайтуға немесе кішірейтуге немесе олардың қатынасын өзгертуге, кемшіліктерді жасыруға болады. Сонымен қатар, костюмнің түстері арқылы көздің, шаштың және беттің түсін айқындап, адамның ішкі жеке маңыздылығын бейнелейді. Ұқыпты әрі жинақы адамның костюмі болбыр, ұқыпсыз адамның киімінен өзгеше болып келеді.

Костюм нақты уақыттағы адамның рухани және моральді сапасын көрсету құралы болып табылады. Костюм арқылы адамның ішкі жан дүниесі – темпераменті, рухани және ақыл ойы, эстетикалық талғамы мен тәрбиесін айқындауға және анықтауға болады. Қазіргі өндіріс саласында модель, модуль сөзі кеңінен қолданылуда.

Бізді қоршаған кез-келген зат белгілі бір формаға ие. Заттың сыртқы көрінісін осы форма арқылы қабылдаймыз. Ол көрерменге конфигурациясын, конструкциясы мен оны қоршаған ортадағы орын жөнінде ақпарат береді. Сонымен форма дегеніміз материалдық ортадағы кез-келген объектінің көлемді-кеңістіктегі орны жөнінде анықтама беруімізге болады.

Форма — материалды дүниенің кез-келген объектісінің кеңістіктегі көлемді сипатын айқындаушы болып табылады. Сондықтан да әрбір зат белгілі бір формаға ие, форма ол заттың сыртқы конфигурациясы, құрылымы мен оның айнала қоршаған ортадағы орны жөнінде көрерменге ақпарат береді.

Көркем-мәнді форманы құру арқылы суретші-модельер өзіндік костюм модасын өзгертеді. Форма көрерменнің назарын аудара алатын күшті қасиетке ие. Суретшіге заттың көркем мәнін ашуға мыналар әсер етеді: көлем, геометриялық пішіні, фактура, түс, салмақтылық.



Костюм формасы қарапайым немесе күрделі болып, көптеген бір-бірімен байланысты элементтер жиынтығын құрайды. Костюм формасының элементтері біркелкі жалғасы әрі біркелкі бағытта келесі формаға ауысуын пластика деп атаймыз. Форма көрерменнің сезіміне әсер ететін бірнеше объективті физикалық қасиеттерге ие. Заттың көркем мәнерлілігін арттыруға әсер ететін қасиеттеріне мыналар жатады: Шама дегеніміз - бұл форма өлшемнің келесі форма өлшеміне қатынасы; екі бірдей өлшемнің бірін бірнеше бөліктерге бөліп бояп шықса ол біршама кіші болып көрінеді [1].

Геометриялық көрінісін айта кететін болсақ - форманың жан-жақты бағыттағы өлшемдердің бір-біріне қатынастарын анықтайды. Массивтілігі - форманың тығыздығы, яғни оның салмағының бос формадан өте тығыз толыққан массаға дейіндігі. Фактура дегеніміз - форма бетінің сипаты, жылтыр рельефті; белсенді фактуралы т.б. күйі. Түсі - форманың ең бір эмоциональді - мәндері етіп сипаттауға әсер етеді. Ол, бұйымның кейпін қалыптастыруға әрі форманың басқа қасиеттерін қабылдауға әсер етеді. Сонымен кез келген зат жөнінде толық мәлімет алу үшін оның қасиетін анықтап алған жөн, яғни олар - шама, геометриялық көрінісі, массивтілігі (салмағы) фактурасы мен түсі.

Форманың пластикалық сипатын айқындауда және форма шығаруда сызықтардың атқаратын маңызы үлкен. Сызықтар мынадай түрлерге бөлінеді: силуэтті және конструктивті сызықтар. Әрбір сызық өзіндік кейіпке ие болып образды - эмоциялық жүктемені көтереді, әрі оны қабылдауда түрлі психологиялық әсер етеді. Күрделі формалы костюм түрлі сызықтар көмегімен айқындалады.

Пластика - бұл форманың иілгіш қасиеті, ол бірнеше факторларға тәуелді болып әрі және оның образдық құрылымын айқындайды. Әсіресе материалдың пластикалық қасиетін ескеру қажет. Суретші-модельерлер түрлі тігін материалдарымен - мата, трикотаж, мех, және т.б. материалдарының қасиетіне ие, олар жобаланатын костюмді мәнерлі қабылдауға әсер етеді.

Мата суретіне тоқталатын болсақ, олар: геометриялық, өсімдік тектес, хайуанаттық және құрама сипаттама немесе белгілері бір мағыналы суретте болады. Мата бетіндегі суреттерінің қайталанып отыруы ол өндіріс жағдайына байланысты. Киім үлгілерін модельдеуде адамның жасына, жынысына, киімді қолдану мақсатына, мерзіміне, киімді әзірлеу сипатына байланысты мата суретін өте ұқыптылықпен таңдап алу қажет.

Мата фактурасы - бұл матаның беткі құрылымы. Мата бетінің фактурасына байланысты оларды жылтыр, кедір-бұдырлы түрлерге бөлінеді. Матаның сипаты мен фактурасы оның талшықтық құрамына, рельефті және умажалған түрлерге бөлінеді. Бұлардың өзі бірнеше топтарға жіктеледі. Мысалы: тегіс, жылтыр, жылтырақ, киім үлгілерін әзірлеуде технологиялық, пластикалық қасиеттерімен қатар киім матасының фактурасы, түсі және суреті басты рольді атқарады. Оларды киімді қолдануына сай реттілікпен пайдаланады. Мата бетінің фактурасын бейнелеу техникасы түрліше болуы мүмкін, яғни "сулы", "күрғақ", "тушпен", "корпусты", "лессировка" және т.б. Бұл техникаларды таңдау студенттердің қабілеті мен шешімділігіне, бейнелейтін материалға, сол материалдың фактурасын шығаруда оны қабылдай білу мүмкіндігіне байланысты болады.

Киім формасы, мата бетінің фактурасы мен материалдың пластикалық қасиетіне байланыстылығын, мода журналындағы модельдерге шолу жасап, анықтауға, әрі онда костюмнің силуэтін, формасын, пайдалығы мен қатар мата фактурасын, пластикасы мен құрылымына көңіл аударуға болады.

Киімді композициялауда материалдың сыртқы көрінісі көркемдік қасиетке ие, олар: матаның фактурасы, суреті, түсі.

Мата фактурасы түкті, умажалған, тістеме, кедір-бұдырлы сонымен қатар тығыз, қалың, жылтыр болса киімнің көлемін ұлғайтып ауырлығын арттыра түседі. Жұқа, жылтырақ, тегіс бетті маталар матаға жеңілдік беріп, оның көлемін кішірейтіп көрсетеді [2].

Таңдалған алғаш модельге сай киімдегі мата суретінің көрерменге әсерін ескеру қажет етеді. Мата суретінің мінездемесі болашақ бұйымның конструкциясын анықтауда әсері мол.

Мата қасиеттеріне байланысты мынандай түрлерге бөлінеді: Механикалық; Физикалық; Технологиялық; Оптикалық. Матаның физикалық қасиетіне: гигроскопиялық, ауа өткізгіштігі, бу өткізгіштігі, жылу сақтағыштығы, шаң сорғыштығы және т.б. жатады. Гигроскопиялық қасиеті матаның қоршаған ортадан ылғал тарту қабілеті. Гигроскопиялық қасиет жаздық маталар үшін өте қажет. Зығыр, мақта, таза жібек маталардың гигроскопиялылығы жоғары, ал синтетикалық маталардың, виолдың гигроскопиялылығы төмен. Ауа өткізгіштігі дегеніміз - матаның ауа өткізу қабілеті. Бу өткізгіштігі дегеніміз - адам денесінен бөлініп шығатын антропоксинді заттарды су буларын матаның өткізу қабілеті. Су өткізбейтіндігі - судың ішке қарай өтуіне матаның қарсылығы. Жылу сақтағыштығы - бұл



талшықтың құрамына қалыңдығына, тығыздығына байланысты жылу сақтағыш мата - қалың тығыз маталар. Шаң сорғыштығы - матаның былғанғыштық қабілеті. Шаң сорғыштығы - талшықтың құрамына, тығыздығына, оң бетінің сипатына байланысты. Матаның технологиялық қасиеттері, бұйымды пішу, тігу, ылғалды жылумен өңдеу барысында байқауға болады. Сонымен матаның технологиялық қасиетіне мыналар жатады: матаны қиюға мықтылығы, сырғығыштығы, сетінегіштігі, отыруы т.с.с.

Матаның қиюға мықтылығы әсіресе фабрикаларда жайып пішкенде маңызы зор. Синтетикалық маталардың қиюға қарсылығы күшті, зығыр және жүн маталар қиюға көнгіш. Бұл матаның қиюға қарсылығы талшықтың құрамына, тығыздығына, өңделуіне байланысты. Матаның сусып сырғығыштығынан детальды пішкенде қисық болып қалмас үшін араларына қағаз салады. Төсекке бекіту үшін арнайы қысқыштар пайдаланады.

Сетінегіштігі - матаның шетінен жіптердің төгіліп шашақтану қабілеті. Матаның тарқатылғыштығы жіптің тоқилуына, өңделуіне байланысты. Матаның отыруы оның талшықтық құрамына, құрылысына және өңделуіне байланысты. Матаның отыруы талшықтардың ісіну дәрежесіне байланысты болғандықтан синтетикалық маталар тез отырмайды. Себебі суға салғанда бойына онша ылғал тартпайды және де қатты ісінбейді.

Матаның оптикалық қасиеттерінен мынаны байқауға болады. Жарық шоғының шағылысуына, сіңіруіне, шашырауына байланысты материалдардың түсі жылтыр қасиеттері көрінеді. Бұйым әзірлеу барысында матаның осындай қасиеттерін ескере отырып, таңдап алынады. Сондай-ақ матаның түсі бет жағы мен іш жағы үлкен рөл атқарады. Түсіне қарай ол түрлі-түсті болса, ал суретіне қарай қарапайым, күрделі суретте болады. Күрделі суретті маталарға, клеткалы жолақты және бір бағытта орналасқан әрі мағыналы тақырыптағы суретті маталар енеді.

Адамзат қоғамының дамуы, мемлекеттердің құрылуы, тарихи

Киімді көркем конструкциялауда мата түсі үлкен рөл атқарады. Белгілі бір түстер арқылы адамның жеке ерекшеліктерін айқындауға немесе оны керісінше жоғалтуға болады. Сондықтан, тұтынушының талғамына және оның сыртқы кейіпін қоршаған ортада қабылдауға әсер етуде киім матасының түсі, фактурасы, суретінің маңызы үлкен [3].

Қорытындылай келгенде болашақ дизайнерлерге эстетикалық тәлім тәрбие бере отырып біз оларға мода, форма, материяның қасиеттерін біліп олардың кәсіби білімін жетілдіріп, болашақ дизайнерлердің көмеген тигізіу және болашақ дизайнерлерге эстетикалық тәрбиенің өнер танымын дамытуымыз қажет.

#### Әдебиеттер:

1. Жолдасбекова С.А. Костюм тарихы. – Шымкент, 2004.
2. Ералин Қ., Нұрланова Ұ., Накбаева А. Композиция. 2009.
3. Ералина Ғ. Оқушылардың адамгершілік эстетикалық тәрбиесіндегі өнердің рөлі мен орны. //«Қазіргі кездегі тұлғаның үйлесімді дамуына қатысты өзекті мәселелер», С.Сейфуллин атын.Қаз.МАТУ.; - Астана, 2007.-201 - 204 б.